

4

Инвестиция:
Өнімді жобалар
өңірдің даму келбеті

8

Жас таланттар
театрды жаңа белеске
бастайды

Сыр бойы

15 маусым, сенбі 2024 жыл



№91-92 (20765-20766)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен туризмді дамыту жөнінде кеңес өтті. Мемлекет басшысы, ең алдымен, туризм әлемдік экономиканың қарқынды дамуына ықпал етіп отырған әрі инвесторлар үшін тартымды сала екенін атап өтті.

ТУРИЗМДІ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Кеңестен кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта туризмді дамытуға қатысты бірқатар міндеттерді айқындады.

– Мемлекет басшысы жаңа ғана осыған байланысты мәселе көтеріп, нақты тапсырмалар жүктелді. Туризмді дамыту арқылы біз өңірдің экономикалық жағдайының жақсара түсуіне, әлеуметтік түйкіліктердің шешілуіне қол жеткіземіз. Қызылорда қаласы және

аудан әкімдіктері облыстың даму бағдарламасындағы әрбір индикатор бойынша тоқсандық және жылдық межені орындауы керек. Қала және әр ауданда жыл соңына дейін құны кемінде 300 млн теңгеден кем емес 1 инвестициялық жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін. Жалпы 1 жартыжылдықтың қорытындысымен инвестицияның жылдық жоспарының 50%-ын орындау қажет, – деді облыс әкімі.

2-бет

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ДЕРТКЕ ДАУА, ЖАНҒА ШИПА СЫЙЛАҒАН

Маусымның үшінші жексенбісі – Медицина қызметкері күні. Бұл күні адам жанының аршашысы – ақ халатты абзал жандардың еңбегі еленіп, құрметке бөленеді.

Бейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Медицина қызметкері күні қарсаңында емдеу мекемелеріне жаңа санитарлық автокөліктерді кілтін салтанатты түрде табыстап, саланың өркендеуіне жан-жақты қолдау көрсетіле беретінін айтты. Салтанатты іс-шараға ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев арнайы келіп қатысты.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп, «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деген болатын. Сыр өңірінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру кешенді түрде жүргізілуде. 2022 жылы халықтың сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Өткен жылы денсаулық сақтау ұйымдарына 513 млн теңгеге 25 жаңа санитарлық автокөлік табысталса, биыл барлық елді

мекендердегі денсаулық сақтау мекемелеріне 200 санитарлық автокөлік алынады. Алғашқы 50 автокөлікті бүгін табыстаймыз. Қалған 150 автокөлік жақын күндері ел игілігіне қызмет ететін болады. Осылайша, биыл елді мекендерді санитарлық автокөлікпен қамту мәселесін түбегейлі шешеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кету керек, жаңа көліктер «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның лизинг бағдарламасы арқылы сатып алынды.

Салтанатты іс-шарада ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев әріптестерін құттықтады.

3-бет



РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тіреуіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі –
Президенттің Баспасөз хатшысы

**ӘДІЛЕТТІЛІК – ҚОҒАМНЫҢ
ЖАҢА ҚАҒИДАСЫ**

Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір

өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген тұста қоғамның

мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

«Әділдік» ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің үштағаны саналатын саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзегі ретінде берік бекіді. Сонымен қатар бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал.

3-бет

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ТАЗАЛЫҚ: ҚЫЗЫЛОРДА ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы мен «Таза Қазақстан» республикалық акциясын іске асыру барысы талқыланды.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12300 орынға есептелген 21 мектеп салынады. Өткен жылы 6900

орындық 10 мектептің құрылысы басталды. Биыл 5400 орындық 11 мектептің құрылысы қолға алынады деп күтілуде.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына аймақ жұртшылығы белсенді қатысты. Бастаманы жыл соңына дейін жалғастырудың іс-шаралар жоспары бекітілді.

4-бет

СПОРТШЫҒА АВТОКӨЛІК СЫЙҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімдігінде Қазақстан халқы ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында берілген тапсырмаларды жүзеге асыру жайы және алдағы мақсат-міндеттерді белгілеуге арналған облыстық ассамблеяның XXVI сессиясы өтті. Оған облыс әкімі, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев, мәслихат депутаттары, этномәдени бірлестіктердің, ассамблея құрылымдарының жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысып, қала және аудан әкімдері онлайн қосылды.

Аймақ басшысы өз баяндамасында Қазақстан халқы ассамблеясы XXXIII сессиясының тапсырмаларынан туындайтын міндеттер туралы айтты.

4-бет



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

Валюта бағамы \$ 451,38 kzt

€ 487,22 kzt

₸ 5,14 kzt

Ауа райы

+33° +35°

+35° +37°

